

Қазіргі рухани жаңғыру кезеңімен байланыстырсақ, қолдау бар қоғамда ғана сананы тазартуға, өркениетке бағыттауға болады. Шынайы тарихпен тәрбиеленіп, өз еліне деген құрметі бар ұрпақта ғана өзін де, өзгені де қадірлей білетін тектіліктің деңгейі биік болмақ. Оқытушы болсын, шәкірт болсын игі мақсат бағытында белсенді қозғалыста болғанда ғана тұтастыққа қол жеткіземіз, мәдени әлеуетімізді ашамыз. Ал көзқарастағы тұтастық – ұлттық сананың тұғырнамасы болып табылады. Өткенді ұмыту – санасыздық. Халықтың ақыл сөзін естен шығарған, кітаптан жеріген ұрпақты қайтадан тура жолға салу кезек күттірмейтін мәселе екенін бір сәт те ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 жыл.
2. Нұрмағамбетов О., Сыдықов Қ. Батырлар жыры. 5 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 396 б.
3. Том Батлер-Боудон. 50 великих книг, которые изменят вашу жизнь. – М.: Эксмо, 2013.- 512 с. (Психология. Антология мысли).
4. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2002. – Б. 387-390.
5. Нұршыева Г.Ж. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясында көрінісі: филос.ғыл.докт., дисс.: 09.00.13. - Алматы, 2002. – 270 б.
6. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы: Білім, 1995.- Б.140-141.

МРНТИ: 15.81.21.

Тукенова Қ.Т.¹

*¹Алматы Технологиялық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада эстетикалық тәрбие берумен көркемдік талғамды қалыптастыру мәселелеріне жан-жақты талдау жасалған. Эстетикалық тәрбиедегі бейнелеу өнерінің айрықша рөлін және эстетикалық әрекеттің ең жоғары нысаны болып табылатындығымен түсіндіріледі. Қазақстан Республикасы білім берудің нормативтік құжаттарына сүйенген.

Түйін сөздер: эстетикалық тәрбие, көркемдік талғам, инновациялық білім, рухани қабілет, құндылықтар.

Тукенова К.Т.¹

*¹Алматинский технологический университет,
г.Алматы, Казахстан*

ЗНАЧИМОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В ЭСТЕТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

Аннотация

В данной статье сделан анализ формирования всесторонних проблем эстетического и художественного вкуса. Особая роль изобразительного искусства обусловлена эстетическим воспитанием и самой высшей формой эстетического воздействия. Основан на нормативах образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, художественные вкусы, инновационное образование, духовные способности, ценности.

Tukenova K.T.¹

¹Almaty technological university,
Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF PEDAGOGICAL SCIENCE IN AESTHETIC EDUCATION

Annotation

The article analyzes comprehensive problems of aesthetic education and artistic taste. The special role of the visual arts is due to aesthetic education and the highest form of aesthetic influence is based on the standards of education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: aesthetic education, artistic tastes, innovative education, spiritual abilities, values.

Елдің экономикалық қуаттылығын жүзеге асыруда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды даярлау міндеті жоғары оқу орны арқылы жүзеге асатындықтан, көркемдік талғамның жетілуі, өмірдегі әсемдікті дұрыс қабылдауы, ақиқатқа эстетикалық көзқарасы басты рөл атқаратынын көрсете келіп, жоғары оқу орнындағы оқу –тәрбие үрдісінде болашақ мұғалімнің саяси мәдениеті, көркемдік талғамы жоғары, адамгершілігінің үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда эстетикалық тәрбиенің орны ерекше.

Елдің экономикалық қуаттылығын жүзеге асыруда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды даярлаудағы жоғары оқу орнының жауапкершілігіне басты міндеттер жүктеліп отыр.

Соған орай, елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде (12 сәуір 2017 жылы) жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық жаңғыру үшін ірі-ірі бағыттарды жүзеге асыру міндеті тұрғанын ескертеді.

Мақаланың «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бөлімінде:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы сынды мазмұндас, идеялас басым бағыттарды атаған.

Мұндағы басты мақсат- ұлттың ұлы мұратының жүзеге асуы. Ол-Ұлы Дала елінің болашағына сенімнен туындап отырғаны мәлім.

Онда «Заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, құндылықтар жүйесінде білімді жоғары қоюды қалыптастыру мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттық рухани-мәдени қалыбы болмақ».д.а.к. [1].

Сол сияқты елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында: «Жастарды шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап, ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру қажет» деп атап көрсетеді[2].

Соған орай, қазіргі уақытта тұлғаның дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған жағдайда болашақ ұрпақтың көркемдік талғамының дамуы мен эстетикалық тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау қажеттігі туындап отыр. Тарихи қалыптасқан эстетикалық тәрбие теориясына талдау жасай келе, өнердің эстетикалық тәрбиенің аса маңызды құралы ретінде бағаланып, жас ұрпақтың көркемдік талғамын қалыптастыруда ерекше орын бөлгендігін аңғардық.

Эстетикалық тәрбиедегі бейнелеу өнерінің айрықша ролі, оның шынайылықты эстетикалық тұрғыда игеру әдісінің, эстетикалық әрекеттің жоғарғы нысаны болып табылатындығымен түсіндіріледі.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттері өзгеріп, қоғамдық өмірге дайындау мәселелеріне жаңа талаптар туып отырады. Елбасының биылғы жолдауынан және Еуразия ұлттық университеті студенттері мен бүкіл қазақстандық жастарға арнаған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» атты дәрісінде жаһандану дәуіріндегі бәсекелестіктің басты көрсеткіштері ретінде білім беру деңгейі мен адами капиталдың дамуын атап көрсетті [1].

Елдің экономикалық қуаттылығын жүзеге асыратындар бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар және оларды даярлаудағы міндеттерді жүзеге асыратын бірден-бір күш жоғары оқу орындары болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мұғалімдерді дайындауда оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттар

мен осы заманғы әлемнің талаптарына сай қайта қарау қажет. Мұның өзі болашақ мұғалімнің кәсіби білімі және сапаларына жаңаша көзқараспен қарауды өзекті болып табылады. Оның ішінде бейнелеу өнері мамандарының басты сапалардың бірі көркемдік талғамының жетілуі, өмірдегі әсемдікті дұрыс қабылдауы, ақиқатқа эстетикалық көзқарасы басты рол атқарады.

Эстетикалық тәрбие берудің түрлі теориялары зерттеліп, түрлі дәуірлер теоретиктері өнердің ролін эстетикалық тәрбиенің аса маңызды құралы ретінде бағаланып, адамгершілік тәрбие беру жүйесінде ерекше орын бөлінуде. Зерттеулерде эстетикалық тәрбиедегі өнердің айрықша ролі, оның шынайылықты эстетикалық тұрғыда игеру әдісінің, эстетикалық әрекеттің жоғарғы нысаны болып табылатындығымен түсіндіріледі. Сол себептен өнер қай ғасырда болмасын, қоғамдық өмірде маңызды орынға ие болып келген.

Шығыс ойшылдарының философиялық еңбектерінде әсемдік, эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру мәселелері бойынша көзқарастары кездеседі. Олардың әсемдік, адамгершілік туралы этикалық және эстетикалық көзқарастары мен идеяларында жеке тұлғаны барлық жас кезеңдерінде тәрбиелеуге болатындығын айтқан [3, 4].

Белгілі ойшыл әл-Фараби оқыту мен тәрбиенің өзара байланысы, әрекет арқылы оқытудың қажеттілігі туралы, білім беру негізінде тәрбиелеу туралы ой-пікірін білдірген. Ол түрлі ойлау операциялары арқылы рационалды интеллектуалды білім беру мен рухани даму үрдісі жүреді, ал алынған білімдерді шығармашылық тұрғыдан қолдану қажет деп айтқан еді[40]. Ойлау мен сөйлеуді дамыту рухани әлемді қалыптастырудың маңызды факторы ретінде ерекше маңыз берген.

Философ Бируни мақсаттылықты, дәйектілікті, жүйелілікті, көрнекілікті білім және тәрбие берудегі жетекші принцип деп таныған. Ол білім алу мен оны басқаларға табыстау –адам үшін бақыт, ақиқат ләззат екендігімен түсіндірген. Ақиқатты іздеу таным әдісі ретінде тәжірибе арқылы жүреді. Осыған байланысты эстетикалық тәрбие беруде, музыка, сәндік-қолданбалы өнердің теориялық мәселелерін қарастырумен шектеліп қана қоюға болмайды. Өйткені, эстетикалық тәрбие - өнермен айналысу, оқушылардың қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін шығармашылық әрекет.

Көркемдік фактілер мен құбылыстарды тек қана эстетикалық цикл пәндерін зерттеу үрдісінде ғана игеру мен сезіну жеткілікті болмайтындығы баршаға мәлім.

Оқушылардың көркемдік-шығармашылық дарындарын дамыту тек өнер түрлерінің тарихы жөніндегі білімдер мен көркемдік фактілер мен құбылыстарды игерумен қатар шынайылықты сөз арқылы, көру-көрнекілік және дыбыстық бейнелеудің көмегімен ұсынудың біліктілігі мен дағдылары қалыптастын болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Эстетикалық тәрбиенің диалектикалық аспектілерін қарастыра келе, әрекет кез-келген өнердің негізгі техникалық және көркемдік ерекшеліктерін білу, эстетикалық цикл пәндерін оқытудың мақсаты әрекеттің теориямен байланысы негізінде ғана мүмкін болады деп тұжырымдай аламыз.

Эстетикалық тәрбие шығармашылықтың түрлі салаларында қажет болатын адамның барлық рухани қабілеттерін дамытады. Эстетикалық тәрбиенің негізгі қызметтері арасындағы қайшылық адамның рухын тәрбиелеуші эстетикалық «құндылықтар» өз мәні бойынша ізгілендіруге қарсы болып (мысалы, қатыгездік, зорлықты үгіттеу) адамның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қажет етпей, керісінше оларды барынша бұзуға бағытталған кезде пайда болады.

Егер тұлғаны нағыз эстетикалық адам мен қоғамның бостандығы мен еркін дамуын қамтамасыз ететін құндылықтар рухында қалыптастыру қажет болса, онда эстетикалық тәрбиенің қызметтері бір-бірімен үйлесімді байланыста болады. Себебі, шығармашылық қызмет үрдісінде пайда болатын эстетикалық құндылықтарға қол жеткізу шығармашылық сипатқа ие болмауы мүмкін емес.

Эстетикалық тәрбие көптеген құралдармен жүзеге асырылады. Бұл адам өмірінің тұрмыстық ортасында (тұрмыс эстетикасы), оның еңбек қарекетінің жағдайы (өндірістік эстетика), адамгершілік қатынастардың, спорттың (спорт эстетикасы) эстетикалық жағы және т.с.с. Тұлғаға мақсатты түрдегі эстетикалық ықпал етудің аса маңызды факторы өнер болып табылады, себебі онда эстетикалық қатынас жинақталады және материяланады. Өнер қоғамдық сананың нысандарының бірі, эстетика, әлемді игерудің жоғарғы түрі болып табылады. Оның ғасырлар бойы қашалған көркемдік туындыларды жасау заңдары мен үнемі толықтырылып отыратын технологиясы және терминологиясы жеткілікті. Бұл жерде білімдерді беру мен игеру, кез келген әлеуметтік тәжірибені тану секілді, «объективті, дұрыс, қатаң ғылыми білімдердің негізінде пайда болатын болуы тиіс» [5, 6].

Сол себепті көркемдік тәрбие - өнерге деген қажеттілікті тәрбиелеу, оны сезіну мен түсінуді, көркемдік шығармашылыққа қабілеттілікті дамыту – тұтастай эстетикалық тәрбиенің бөлінбес бөлігін құрайды.

Өнер призмасы өмірдің эстетикалық құндылықтарын түйсінуді бағыттады. Өнерге бет бұра келе, адам шығармашылық әрекет зертханасына кіргендей болады. Басқаша айтар болсақ, өнер эстетикалық тәрбиенің құндылықтық-бағыттаушы, шығармашылық қызметтерінің жүзеге асырылуына қатысады.

Сонымен бірге, өнер арқылы эстетикалық тәрбиелеу тек қана көркемдік тәрбиеге сайып қана қоймайды. Ол одан әлдеқайда кеңірек, себебі еңбектің, адамдардың тұрмысының, олардың мінез-құлығының эстетикалық аспектілеріне, шынайылықтың өзіне деген эстетикалық қатынастың қалыптасуына ықпал етеді, эстетикалық тәрбиенің негізгі қызметтерінің арасындағы сәйкессіздіктің әлеуметтік негіздері – тұлға мен қоғам мүдделерінің арасындағы антогонизмдер, себебі тұлға үшін оның шығармашылық қабілеттерінің дамуы тура маңызға ие, ал қоғам үшін қоғамдық тұтастықты нығайту үшін эстетикалық-құндылықтық бағыттылық маңызды. Бұның бәрі жоғары оқу орнының педагогы мен студенттердің тәрбие үрдісіндегі бірлескен қызметте шешілуі тиіс.

Педагог эстетикалық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, тәрбиеленушілердің жасы, эстетикалық дайындығы мен сезімталдығына, олардың кәсіби бағыттылығына байланысты тәрбиеленуші тұлғасына эстетикалық ықпал етудің тиісті жолдарын, құралдары мен әдістерін таңдайды.

Біздің қоғамның объективті қажеттілігінен педагогика ғылымы өскелең ұрпақты жаңа бағытта тәрбиелеуге, жеке тұлғаның жаңа, үйлесімді дамыған адамға қажетті қасиеттерін қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Қазіргі әлемде адамның бағыты, төңірегіндегілерге қатынасы өте маңызды. Сол себептен педагогика ғылымы алдыңғы қатарға тұлғаның белсенділік секілді қасиетін қалыптастыруды қояды. Бұл қасиет адамды қоршаған әлемге жайбарқат сырттай қараушыдан қазіргі қоғамның талаптарын барынша толық қанағаттандыратын тұлғаға айналдырады.

Егер дәстүрлі түсінікте эстетикалық тәрбие мақсат ретінде табиғат пен өнер сұлулығын қабылдауды қойып, бірінші кезекте көркемдік өнер туындыларын тамашалаудан, өнермен әуесқойлықпен айналысудан және өнер туралы белгілі бір білім көлемін игеруден тұратын болса, қазіргі уақытта өнер – қоғамдық құбылыс деген шарттан шыға келе, эстетикалық тәрбиенің алдында адамды толығымен, оның бүкіл психикасын, жеке қасиеттері мен мінезін қалыптастыру міндеті қойылады.

Атап айтсақ, адамның сезімдері мен қиялын дамытуға бағытталғандығы табиғи құбылыс, адамгершілік ұстанымдарға, көзқарастар мен әсерлерге әсер етеді, адамның өзіне, басқа адамдарға, әлемге деген қатынасын қалыптастырады. Бүгінгі таңда эстетикалық тәрбиенің мәнін жаңадан түсіндіруде ғылыми айналымға жаңа термин – «өнермен тәрбиелеуді» енгізілді, бірақ «эстетикалық тәрбие» терминімен барабар емес.

Мектептегі эстетикалық тәрбие саласындағы қалыптасқан жағдайға әсер ету үшін болашақ мұғалімдер оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарын қамтуы тиістігіне сенімді болуы тиіс. Қалай да болса тәрбиелеу – тек қана адамды өнерге тартуды ғана емес, сонымен бірге, оның кез-келген істе – оқуда, өндірісте, ғылым мен өнерде қажетті шығармашылық қабілеттерін оятуды білдіреді.

Халықтың ауызекі шығармашылығын Абай өзінің педагогикалық идеяларын таратуда, әсіресе, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыруда қажетті құрал ретінде пайдаланады.

Абай Құнанбаевтың қырық үшінші қара сөзінде "Ол хабарлардың ұнамдысы – ұнамды қалыппен, ұнамсызы – ұнамсыз қалыппен, әрқешік өз суретімен көңілге түседі. Жан қуатыменен адам хасия қылған өнерлері де күнде тексерсең күнде асады. Көп заманнан тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдерден бір басқа адам боп кеткендігіңді білмей қаласың"-деп адамның көркем шығармашылығына эстетикалық сезімді жатқызады. Абай өзінің шығармаларында эстетикалық түсініктерге, әсемдік, сұлулық, талғам және т.б. эстетикалық категорияларға арнайы талдау жасамағанымен оның өлеңдерінде осы түсініктерді қамтитын мазмұн жеткілікті.

Халықтың ауыз екі шығармашылығын Абай өзінің педагогикалық идеяларын таратуда, әсіресе, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыруда қажетті құрал ретінде пайдаланады. Шоқанның халық шығармашылығына деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына, көркемдік талғамының жетілуіне, ой-өрісінің, рухани әлемінің кеңі түсуіне бірнеше факторлар (шартты түрде) әсер етті (өскен ортасы, табиғат, туыс-жолдас, өнер адамдары т.б. жанұясы, әке-шешесі, әжесі; достары).

Эстетикалық тәрбиемен бір уақытта адамның эстетикалық қабылдау мен сезіну қабілеті, эстетикалық талғамы мен идеалы, сұлулық заңдары бойынша шығармашылыққа, өнерде және одан тыс (еңбек қызметі саласында, тұрмыста, әрекеттер мен тәртібінде) эстетикалық құндылықтар жасауға деген қабілеті қалыптасып дамиды. Осылайша, эстетикалық тәрбие қарама-қайшылықтар бірлігін құрайтын екі негізгі қызметке ие: тұлғаның эстетикалық-шығармашылық әлеуеттерін дамытудағы эстетикалық құндылықты

бағдарын қалыптастыру. Бұл қызметтер эстетикалық тәрбиенің қоғамдық өмірдегі орнын, оның тәрбие қызметінің басқа түрлерімен байланысын анықтайды.

Эстетикалық мәдениетін сипаттайтын көрсеткіштердің төрт негізгі тобы:

- кәсіби қызмет үрдісінде эстетикалыққа бағыттылық;
- эстетикалық-педагогикалық білімділік;
- эстетикалық қажеттіліктердің, сезімдердің, талғамдардың, идеалдардың жеткілікті даму деңгейі;
- эстетикалық тәрбие беру, эстетикалық сөйлеу, сыртқы түр мен тәртіп әдістемесін игеру.

Сонымен, эстетикалық тәрбие беру – адамның шынайылыққа белгілі бір эстетикалық қатынасын қалыптастыру. Эстетикалық тәрбие үрдісінде тұлғаның эстетикалық құндылықтар әлемінде олардың белгілі бір нақты қоғамдағы қалыптасқан сипаты туралы түсініктерге сәйкес бағыттылығы, бұл құндылықтарды игеруі қалыптасады.

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, М.Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні-бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парағы ғана». Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [7].

Жоғары оқу орнындағы мұғалімді даярлаудың қазіргі жүйесі шынайы түрде көркемдік талғамды қалыптастырудың алғышарттарының белгілі кешенін тудырады. Бейнелеу шығармашылығымен айналысу үрдісінде болашақ мұғалімнің кәсіби қасиеті ретіндегі көркемдік талғамды қалыптастыру үрдісі жан-жақты қарастырылуға.

Демек, бейнелеу шығармашылығындағы көркемдік талғамды қалыптастыру, бейнелеу өнерінің тіліне үйрету мен кең эстетикалық тәрбиенің бірлігін көздейтінін- педагогика ғылымы анықтайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аль-Фараби. *Философские трактаты*. - А., 1970. - 311с.
2. Байтұрсынов А. *Шығармалары*. – А.: «Жазушы», 1989. –117 б.
3. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы//Түркістан, 23-қаңтар, 2014 ж. –Б. 8-9.
4. Конищева Н.М. *Содержание и структура профессиональной готовности учителей к эстетическому воспитанию школьников*. - М., 1979. - С. 78-80.
5. Назарбаев Н.Ә. *Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. Қазақстан Республикасы Президенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*. - Астана - 2006 - 16 б.
6. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2012ж.14-желтоқсан. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, Ақорда.- 2012 ж.
7. Уәлиханов Ш. *Таңдамалы шығармалары. 2-баспа*. –Алматы: «Жазушы», 1985. –560 б.

МРНТИ: 15.41.21.

Абдыкаликова М.Н.¹

¹Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЗРАБОТКИ КОМПЕТЕНЦИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы разработки базовых компетенций государственных служащих современного Казахстана. Авторам показана, необходимость определения содержания базовых компетенций и основные индикаторы поведения для определения оценки государственного служащего в той или рабочей ситуации. Также отмечается, что в современных организациях на первый план выступает психологическая составляющая эффективности деятельности. Автор приводит исследования российских экспертов, которые особое значение придают проблеме эффективности акмеологической психологии труда, психологии профессионализма. Наиболее широкое применение получило понимание термина «Эффективность», связанной с представлением о системе действий, приводящей к нужным или требуемыми результатами. Также имеется «Проект по разработке Единой Рамки Компетенций для